

«Қарағанды облысының
экономика басқармасы» ММ
басшысының
2024 жылғы «___» _____
№ ___ бүйріғына қосымша

«Қарағанды облысының
экономика басқармасы» ММ
басшысының
2021 жылғы «08» қантардағы
№29 бүйріғымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қарағанды облысы білім басқармасының
Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«№50 негізгі орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№50 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) осы жарғыда көрсетілген тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен құрылады.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы: Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің басқару органы: Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік (қазақ) тілдегі атауы:

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№50 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; орыс тілінде:

Коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа №50» отдела образования города Караганды управления образования Карагандинской области.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 100005, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бекейхан ауданы, Санаторная көшесі, құрылыш №22А

2 тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлери болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндettі тіркелгеннен кейін күшіне енеді. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін осы тарауда және өзге де құқықтық актілерде көрсетілген барлық туындастын функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органы жүзеге асыра алады.

3 тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мұдделеріне сай оқыту және тәрбиелеу; баланың жеке басының жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау; білім алушылардың өз бетінше білім алуға және қосымша білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген азаматтардың белгіленген жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес тегін орта білім алу құқығын іске асыру;
- 2) жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету;
- 3) терең және кеңейтілген білім беру бағдарламаларын саналы түрде тандауға және игеруге дайын, қоғамдағы өмірге бейімделген, мәдениет деңгейі жоғары интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру;
- 4) кәсіптік оқытуға бағытталған пәндер бойынша оқушыларды даярлау.

14. Мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: бастауыш, негізгі және жалпы орта, қосымша білім беру. Мекеме мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (шағын-орталықтар, мектепалды сыныптар) саласында білім беру қызметтерін көрсетеді. Қызметтің барлық түрлері Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202 «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңында көзделген рәсімдер орындалғаннан кейін көрсетіледі:

мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі міндettтері:

- 1) ұлтық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;
- 3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу,
- 4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу

қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қозқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел (ағылшын, неміс) және басқа да тілдерді менгеру;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың үлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

8) оқытуудың жаңа технологияларын, оның ішінде қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

9) жалпы оқыту, жұмыс орны бойынша оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

10) білім алушылардың қасіби уәждемесін қамтамасыз ету;

11) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы жарғыға сәйкес келесі ақылы білім беру қызметін көрсету:

1) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;

2) пәндердің арнайы курсары мен циклдерін қосымша оқыту бойынша;

3) жеке білім алушылармен жеке тәртіппен оқу жоспарына сәйкес сағат санынан артық пәндер бойынша қосымша сабактар өткізу;

4) оқушылармен пәндерді қосымша терендептіп оқыту бойынша (мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың тиісті білім беру бағдарламалары шенберінен тыс);

5) тегін білім беру қызметтерінің кепілдік берілген көлеміне кірмейтін өзге де білім беру қызметтері;

негізгі қызметтің орнына ақылы қызметтер көрсетілмейді. Мемлекеттік мекеменің ақылы қызметтерінің бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады;

дамыта оқытуудың жаңа мазмұнын, оны енгізу нысандары мен әдістерін іздеу, әзірлеу, эксперименттік оқу жоспарларын, бағдарламаларын және факультативтік курсарды тексеру. Оқу процесін ұйымдастыру, басқару осы жарғыға сәйкес жүзеге асырылады;

оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген және жалпыға міндетті негізгі және қосымша бағдарламаларды игеруді іске асыратын оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің үлгілік бағдарламаларына негізделген;

мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгіленген шекте оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады. Мемлекеттік мекеменің білім беру процесін жүзеге асыру үшін жылдық жұмыс оқу жоспарын және оқу сабактарының кестесін әзірлейді және бекітеді;

оқу пәндерін тереңдетіп оқыту үшін факультативтерге және әр сыныпқа 4 сағат есебінен оқушылардың таңдауы бойынша қосымша курсарды ұйымдастыруға қаражат бөлінуі мүмкін;

оқыту тілі қазақ және орыс тілі болып табылады;

оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігі:

1) жеке таңдаумен, жеке даму бағдарламасымен, оқытудың инновациялық технологияларын пайдаланумен;

2) мекеменің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пәндерді дамыттын жаңа оқу бағдарламаларын енгізумен;

3) тұлғаның жалпы мәдени дамуына ықпал ететін, дүниетаным мен гуманистік сананы қалыптастыратын, шындықты танудың әмбебап тәсілдерін игеруге, оқушылардың ақыл-ой белсенділігін дамытуға бағытталған пәндер мен курсарды енгізумен қамтамасыз етіледі;

мемлекеттік мекеме құрылымы:

1) әкімшілік (директор және оның орынбасарлары);

2) әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, қамқоршылық кеңес, жалпымектептік ата-аналар комитеті, сыныптық ата-аналар комитеттері, пәндік әдістемелік бірлестіктер;

3) сынып, топ – мемлекеттік мекеменің негізгі құрылымдық бірлігі;

білім деңгейі:

1) бастауыш білім беру (1 - 4 сыныптар) негізгі стратегиялық бағыт - кіші жастағы оқушының жеке қабілеттерін ашуға, оқытудың жағымды мотивациясы негізінде қызметтің негізгі салаларында бастапқы бағдарлауды және шығармашылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, балалардың психофизикалық, интеллектуалды және музикалық дамуына жағдай жасауға мүмкіндік беретін дамытушылық оқыту. Оқу бағдарламасын менгеру мерзімі - 4 жыл;

2) негізгі орта білім беру (5 - 9 сыныптар) білім беру мазмұнын жаңартуға бағытталған негізгі әмбебап білім беруді қамтамасыз етеді, неғұрлым күрделі танымдық процестерге көшу үшін арнайы дағдыларды қалыптастырады; жалпы дамыту курсарын және арнайы курсарды таңдауды қамтамасыз етеді, оқушылардың жеке оқыту жүйесін құруға мүмкіндік жасайды. Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу. Оқушыларға кәсіптік бағдар беру. Негізгі орта білім жалпы орта білім алу үшін негіз болып табылады. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі

орта білім беру деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын менгеру мерзімі - 5 жыл;

«Көркем еңбек» пәнін оқыту, сондай-ақ вариативті компонент сағаттары Мектепаралық оқу-өндірістік комбинат базасында (ол болған жағдайда) жүзеге асырылуы мүмкін. Қосымша білім беруді дамыту шенберінде «Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрығына сәйкес мектептің жұмыс оқу жоспарының вариативтік бөлігінің сағаттары қосымша білім беру үйымдарына берілуі мүмкін;

сағаттар мен сыныптарды беру, сондай-ақ үйірмелерді оқытуға байланысты барлық мәселелерді реттеу Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеме оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын мемлекеттік мекеме ғимаратынан тыс (мәдениет мекемелері, спорт ғимараттары, әскери нысандар, зерттеу зертханалары, өнеркәсіптік кәсіпорындар, қосымша білім беру үйымдары және т.б.) өткізуге құқылы;

тиісті контингентті көрсететін сыныптар жиынтығы Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісіледі. Сыныптар жиынтығын қалыптастыруға мемлекеттік мекеме басшысы дербес жауапты болады. Сыныптардағы оқушылар саны осы білім беру үйымына тікелей бөлінетін бюджет қаражаты ескеріле отырып, санитариялық нормалар сақталған жағдайда қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес белгіленеді;

сыныптар, тізімі мемлекеттік білім беру стандартында айқындалған пәндерді оқу кезінде кемінде 24 оқушы санымен 2 кіші топқа бөлінуі мүмкін. Егер оқу жылы ішінде оқушылар саны 24 оқушыдан кем болса, онда сыныпты 2 кіші топқа бөлу осы оқу жылының келесі тоқсанынан бастап тоқтатылады. Жарғының осы тармағы бюджеттің мүмкіндіктерін ескереді;

мемлекеттік мекеме денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындыға сәйкес оқушылармен үйде сабак өткізуді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулыштарына сәйкес аптасына оқу сағаттарының саны бөлінеді, кесте жасалады, бүйрықпен педагогтердің дербес құрамы анықталады, өткізілген сабактар журналы жүргізіледі. Ата-аналар (занды өкілдер) үйде сабак өткізу үшін жағдай жасауға міндетті;

оқу сабактары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басталады және аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы, оның ішінде оқу апталары мен демалыс саны білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес айқындалады;

мемлекеттік мекемеде келесі жұмыс және сабак тәртібі белгіленуі мүмкін: бірінші ауысымда сабактың басталуы – сағат 8:00 (8:30 немесе 9:00), екінші

ауысымда – сағат 13:30 (14: 00). Сабак кестесін мемлекеттік мекеменің директоры не оны алмастыратын адам бекітеді. Сабак кестесінде оқу сабактарының құнделікті саны, ұзақтығы мен реттілігі, сондай-ақ сабактар арасындағы үзілістердің ұзақтығы көрсетіледі. Мектептегі сабак кестесінің мәселелері қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен реттеледі. Сабак кестесі уәкілді органдар және (немесе) лауазымды адамдар белгілеген шектеу шараларына негізделген эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін.

сабактар арасындағы үзіліс кезінде мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ата-аналар мен жалпыға міндettі оқу қорының қаражаты есебінен мектеп асханасында жүзеге асырылатын білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастырады;

мемлекеттік мекемедегі тәртіп білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді. Оқушыларға дәрігерге дейінгі медициналық қызмет көрсетуді мейірбике қамтамасыз етеді, ол әкімшілікпен және педагогикалық персоналмен қатар білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, емдеу іс-шараларын жүргізуге және санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауға жауапты болады. Дәрігерлік медициналық қызмет көрсетуді жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау органдары (емхана) жүзеге асырады. Оқушылар кесте бойынша медициналық тексеруден өтеді;

Міндettі мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 47-бабының 15-1-тармағына, 49-бабы 2-тармағының 7-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 26 бұйрығына сәйкес айқындалған жалпы талаптарға сәйкес болуы тиіс. Мектеп формасы оқытудың зиярлы сипатына сәйкес болуы керек. Киім элементтерін, оның ішінде бас киімдерді (орамал, косынка, таңғыш, қалпақ және басқалары) және әртүрлі конфессиялардың діни тиесілілігінің атрибуттарын мектеп формасына енгізуге жол берілмейді. Мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді. Мемлекеттік мекеме зиярлы және діни білімнің бөліну принципін сақтауга міндettі. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

инклузивті білім беру мақсаттарын жүзеге асыра отырып, мемлекеттік мекеме ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға білім алу, дамудың бұзылуын түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделу үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мекемеде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды ата-аналарының (занды өкілдерінің) мұдделерін ескере отырып, жалпы сыныпта

(екі баладан аспайтын) ұлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша және (немесе) арнайы сыныптарда арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша дамудағы бұзушылықтардың түрлері бойынша оқыту көзделген. Жалпы және (немесе) арнайы сыныптарда оқытын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін арнайы педагогтер (мұғалім-логопед және т.б.) түзету сабактарын өткізеді. Мемлекеттік мекемеде логопедтік пункт өз жұмысын тұрақты негізде жүзеге асыра алады. Логопедтік пункт ашу Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрығымен ресімделеді;

мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың ұлгілік қағидалары негізінде жүргізіледі. Балаларды қабылдауға арналған құжаттардың тізімі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларында және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартында айқындалады. Бірінші сыныпқа қабылдау кезінде баланың ата-аналары немесе занды өкілдері мұғалімді таңдауға құқылы емес. Сыныптан сыныпқа көшу үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады. Сыныптан сыныпқа көшу үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады;

шағын жинақты мектептерді қоспағанда, 0-9 сыныптарда білім алушылардың ең аз саны 12 адамнан кем болмауы керек. Мектепалды сыныптарға қабылдау ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің өтініші бойынша жүзеге асырылады;

білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды атtestаттау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды атtestаттаудың ұлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі;

қорытынды атtestаттаудан сәтті өткен түлектерге мемлекеттік мекеменің мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі;

кәмелетке толмаған білім алушыларды шығаруға құқыққа қайши әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымын мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады. Кәмелетке толған білім алушыларды мемлекеттік мекемеден шығаруға педагогикалық кеңестің шешімі бойынша құқыққа қайши әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының

жарғысын өрекел және бірнеше рет бұзғаны, сондай-ақ үлгерімі үшін жол беріледі;

тәрбиеленушілерді шағын-орталық топтарынан шығару ай сайынғы төлем уақтылы төленбеген, дәлелді себептерсіз бір айдан артық өткізіп алған жағдайларда, медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде жүргізіледі;

жалпы білім беру процесінің қатысуышылары тәрбиеленушілер, білім алушылар, педагогтар, тәрбиеленушілердің және білім алушылардың ата-аналары (оларды алмастыратын адамдар) болып табылады;

окушылар құқылы:

- 1) тегін жалпы орта білім алуға;
- 2) әр түрлі қызмет түрлеріндегі ерекше жетістіктері үшін көтермелебуге;
- 3) медициналық қызмет көрсетуге;
- 4) кітапхана қорын тегін пайдалануға;
- 5) қосымша (ақылы) білім беру қызметтерін алуға;
- 6) мекемені басқаруға қатысуға;
- 7) адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ар-ождан, ақпарат бостандығына, өз пікірлері мен сенімдерін еркін білдіруге;

мемлекеттік мекеме зайдырылды және діни білімнің бөліну принципін ұстанады. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен түлектерге мемлекеттік мекеменің мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі;

білім алушылар міндетті:

- 1) мемлекеттік мекеменің жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін орындауға;
- 2) адал оқуға және мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға, білім алушы мектеп мүлкіне зиян келтірген жағдайда, ата-анасымен бірге оны қалпына келтіруге және құнын өтеуге;
- 3) мекеменің басқа білім алушылары мен қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 4) мекеме бекіткен мектеп формасын киуге;

кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдерінің:

- 1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, мекеме ұсынатын мүмкіндіктер шеңберінде оқу нысанын таңдауға;
- 2) қамқоршылық кеңес немесе ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) өз балаларының үлгерімі, мінез-құлқы және оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;
- 4) өз балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алуға құқығы бар;

ата-аналар мен өзге де занды өкілдер:

- 1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және физикалық күштерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларды жалпы білім беретін мектепке одан әрі айқындай отырып, мектеп алды даярлықты қамтамасыз етуге;

3) мемлекеттік мекеменің жарғысында белгіленген ережелерді орындауға;

4) балалардың мемлекеттік мекемедегі сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;

5) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

7) мемлекеттік мекемеде белгіленген киім нысанын сақтауға;

ата-аналар (оларды алмастыратын адамдар) мекеменің жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін орындауға және өз балаларын тәрбиелеу мен оқытуға, сондай-ақ мемлекеттік мешікке ұқыпты қарауға жауапты болуға міндетті;

мемлекеттік мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Алқалы басқару нысаны – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кеңес болып табылады;

мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады;

директор жауап береді:

1) лауазымдық нұсқаулықта белгіленген нормативтік актілерді, басқару органдарының бұйрықтарын, лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз орындағаны немесе тиісінше орындағаны, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін;

2) нормативтік актілерді, облыстық және қалалық/аудандық маңызы бар білім беру органдарының бұйрықтарын, лауазымдық нұсқаулықпен белгіленген лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз орындағаны немесе тиісінше орындағаны, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін;

3) білім алушының жеке басына қарсы физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықпен байланысты тәрбиелеудің бір реттік әдістерін қолданғаны, сондай-ақ өзге де азғындық әрекеттерді жасағаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес қызметінен босатылуы мүмкін;

4) өрт қауіпсіздігі, енбекті қорғау қағидаларын, оқу-тәрбие процесін үйімдастырудың санитариялық-тигиеналық қағидаларын бұзғаны үшін директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады;

тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдарға педагогикалық қызметпен айналысуға рұқсат етіледі. келесі адаидар жұмысқа жіберілмейді:

1) медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрғандар. Жыл сайын жылына бір рет, оқу жылының басында педагог өзінің

психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде тіркелмегендігін кез келген заңды түрде раставды;

3) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылғандар;

4) Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылғандар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде;

жұмысқа қабылдау кезінде директор азаматтық қызметшінің тиісті бослауазымдарына орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алуға міндетті. Тиісті білімі болмаса, педагогикалық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Азаматтарды педагогикалық қызметке қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор дербес жауапты болады. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазым немесе қызмет түрі үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді;

мемлекеттік мекемені басқарудың бір түрі – педагогикалық кеңес. Педагогикалық кеңестің құрамына: білім беру үйімінде директоры (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Мемлекеттік білім беру мекемесінің педагогикалық кеңесінің отырысына ата-аналар комитетінің немесе қамқоршылық кеңесінің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына арналған директордың бүйрекшімен бекітіледі. Педагогикалық кеңес өз мүшелері арасынан бір жыл мерзімге хатшы сайлайды;

педагогикалық кеңес:

1) мемлекеттік мекемеде құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шараларды;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа технологияларын енгізуді;

3) оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелерін;

4) қорытынды аттестаттауды өткізу, білім алушыларды емтихандарға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтихандардан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайта осы курста қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіргені туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргені туралы аттестат, үздік аттестат, жалпы орта білім туралы аттестат, белгіленген үлгідегі анықтама беру мәселелерін;

5) оқу жүктемесін бөлу, алдын ала тарифтеу, аттестаттауга дайындау, марапаттау және педагогтерді көтермелеген мәселелерін қарастырады;

педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін, педагогикалық кеңестің отырысында қаралатын және мемлекеттік мекеменің

директоры бекітетін жоспарға сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық кеңес жылына кемінде бес рет жиналады;

15. Мемлекеттік мекеменің осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

16. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның директорының жарғылық құзыretін бұза отырып, жасаған мәмілесі: құрылтайшының, тиісті саланың уәкілетті органының, сондай-ақ оған қатысты осы Жарғыда көрсетілген мүлікке қатысты құқық субъектісінің, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыратын органның талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4 тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

18. Қарағанды облысының әкімдігі мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

«Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруды бекітеді.

Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіpte келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің директорын тағайындауды;
- 2) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 5) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны қызметінен босату негіздерін анықтайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің штат санын, тарификациялық тізімдерін және өзге де қаржышаруашылық құжаттамаларын келіседі;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

8) мемлекеттік мекеменің құрылтайшысына мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

9) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің директоры білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

23. Мемлекеттік мекеменің директоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеген шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) өз орынбасарларының және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберін айқындейды;

11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады, оның ішінде білім беру үйимдарында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша шаралар қабылдайды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5 тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

24. Мемлекеттік мекеменің мүлкін бағасы оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі:

- 1) құрылтайшының өзіне берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен қалыптастырылады.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

Бухгалтерлік есепті және мемлекеттік мекеме үшін есептілікті ұсынуды барлық туындастырылған функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органы жүзеге асыра алады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6 тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

29. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шешімі бойынша жүргізіледі және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

7 тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қолданыстағы заңнамада айқындалған өкілеттіктерге сәйкес осы шешімді қабылдаған құрылтайшының немесе органның шешімі бойынша жүргізіледі. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8 тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

31. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

32. Мемлекеттік мекеме заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

33. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісім бойынша Қарағанды облысының әкімдігі жүзеге асырады.

34. Таратылған мемлекеттік мекеменің кредиторлардың талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

35. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы занды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

9 тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

36. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Директор

Е.А.Жуматаев

(қолы)

Приложение
к приказу руководителя
ГУ «Управление экономики
Карагандинской области»
от «___» _____ 2024 года №_____

УТВЕРЖДЕН
приказом руководителя
ГУ «Управление экономики
Карагандинской области»
от «08» января 2021 года №29

УСТАВ
коммунального государственного учреждения
«Основная средняя школа №50»
отдела образования города Караганды
управления образования Карагандинской области

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа №50» отдела образования города Караганды управления образования Карагандинской области (далее -государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления соответствующих функций, указанных в настоящем уставе.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение создается решением местного исполнительного органа области.

4. Учредителем государственного учреждения является: акимат Карагандинской области.

5. Органом управления государственного учреждения является: государственное учреждение «Отдел образования города Караганды» управления образования Карагандинской области.

6. Наименование государственного учреждения на государственном (казахском) языке:

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№50 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

на русском языке:

Коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа №50» отдела образования города Караганды управления образования Карагандинской области.

7. Место нахождения государственного учреждения: 100005, Карагандинская область, город Караганда, район Элихан Бекейхан, улица Санаторная, строение №22А

Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданко-правовые сделки государственных учреждений вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях

